

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ" КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ
қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және
лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ереже

Келісім-шартқа қол қойғандар:


Жұмыс берушіден:


Қызметкерлерден:

Колледж директоры

Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы

 Нугымаров А.С.

 Кусемисова А.Т.

 2020 ж.
МО

 2020 ж.
МО

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Көлік колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже лауазымдық (қызметтік) міндеттерін тиісінше орындағаны үшін қызметкерлерді көтермелеу жүйесін ретке келтіру, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Көлік колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі мәтін бойынша Колледж) қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін уақытылы және сапалы орындауға материалдық қызығушылығын арттыру мақсатында "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 және "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2007 жылғы 29 наурыздағы N 304 Жарлықтарына сәйкес әзірленді.

2. Колледж қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) және бюджеттен тыс қаражатты қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар қызметті қамтамасыз етуге көзделген және штат санын толық көлемде қысқарту нәтижесінде босаған қаражат есебінен қызметкерлердің штат санын қысқарту туралы шешім қабылданған жағдайда да жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу:

- 1) Білім басқармасының басшысы не оны алмастыратын тұлғаның;
- 2) Колледж директорының шешімі бойынша анықталады.
- 3) Осы ереженің 3- тармағының 1, 2 –тармақшасында келтірілген тұлғалар, осы ереженің 1-тармағын басшылыққа ала отырып, осы органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы ережелерді өздігінен әзірлеуге және бекітуге құқылы.

2. Сыйлықақы беру шарттары

4. Қызметкер қызметінің нәтижелерін сипаттайтын, оған сыйлықақы беруге құқық беретін негізгі көрсеткіштер:

1) мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтау;

2) белгілі бір кезеңдегі жұмыс нәтижелері;

3) лауазымдық міндеттерді үлгілі орындау, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктер;

4) жылдам орындалуы келешекте қалыпты (үздіксіз) жұмыс атқарумен байланысты болатын шұғыл және алдын ала болжанбаған жұмысты орындау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-әрекет жоспарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстары жоспарының, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларының іс-шараларын уақтылы және сапалы орындау;

6) мерейтой, мереке күндері;

7) заң жобаларын, конвенцияларды, келісімдерді, шарттарды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу, егер осы өкілеттіктер қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса;

8) Колледж Жарғысында, лауазымдық нұсқаулықта және Колледж қызметінің жұмыс істеуіне бағытталған нормативтік-құқықтық актілерде қарастырылған міндеттер мен функцияларды тиісінше орындау;

5. Қызметкерлерге келесі жағдайларда сыйлықақы берілмейді:

1) алынбаған тәртіптік жазасы болған жағдайда;

2) Колледжде бір айдан кем жұмыс істеген жағдайда;

3) сынақ мерзімінен өту кезеңінде.

3. Лауазымдық жалақыға үстемеақы белгілеу шарттары

6. Қызметкердің лауазымдық жалақысына үстемеақы белгілеу:

1) өзінің негізгі жұмысынан босатылмай қысқартылған және/немесе уақытша болмаған қызметкерлердің функцияларын орындау;

2) оған міндеттердің кеңейтілген шеңберін жүктеу, жеткілікті тәжірибе (еңбек өтілі) және жоғары кәсіби деңгеймен және құзыреттілікпен, оларды практикада табысты қолдана отырып, жұмыс істеу дағдысы, сондай-ақ басқа да көрсеткіштер;

3) функционалдық міндеттерін тікелей орындау кезінде мемлекеттік тілді қолдану.

Сонымен қатар, лауазымдық жалақыға үстемеақы Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар құжаттармен жұмысты жүзеге асыратын қызметкерге олардың орындалу көлеміне қарай, сондай-ақ оның кейбір құқықтарын шектеу және қосымша жауапкершілігі үшін белгіленуі мүмкін.

7. Үстемеақылар, сондай-ақ объективті мән-жайларға байланысты қызметкерді еңбекақысы төмен лауазымға (неғұрлым жеңілрек жұмысқа) ауыстырғанда (тағайындағанда) белгіленуі мүмкін.

1) Колледжде еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған еңбек жарақаты, кәсіптік ауру немесе денсаулығының өзге де зақымдануы, еңбекке қабілеттілігі қалпына келтірілгенге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін;

2) ауыстырылған (тағайындалған) күннен бастап бір жылға дейін органның басқару құрылымының өзгеруі.

4. Материалдық көмек көрсету шарттары

8. Қызметкерге материалдық көмек көрсету оның ауыр материалдық жағдайына байланысты келесі жағдайларда іске асырылады:

1) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ерлі-зайыптылар, ата-аналар, балалар, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жекжаттар (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) қайтыс болғанда;

2) некеге тұрғанда;

3) бала туғанда, балаларды асырап алғанда;

4) қосымша қаржы шығындарын талап ететін емделу (10 күнтізбелік күннен астам стационарлық немесе амбулаторлық емдеу, санаториялық емделуден басқа);

5) қызметкерге оған қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасалу (қарақшылық, ұрлық және т.б.), сондай-ақ дүлей зілзалалар (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.) салдарынан мүліктік зиян келтіру;

6) қызметкердің зейнетақыға шығуы.

5. Сыйлықақыларды бекіту және төлеу, материалдық көмек көрсету және қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу тәртібі

9. Қызметкерлерге сыйақы беру және лауазымдық жалақыға үстемеақы белгілеу Колледж директоры орынбасарларының, тиісті бөлім меңгерушілерінің жазбаша ұсынысы негізінде осы Ереженің 3-тармағының 1-2-тармақшасында аталған тұлғалардың бұйрығымен жүргізіледі.

10. Ұсынымда қызметкердің тегі мен лауазымы, сыйлықақы (үстемеақы) негіздері мен мөлшері және тәртіптік жазаның жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

11. Қызметкерге материалдық көмек көрсету туралы бұйрықты осы Ереженің 3-тармағының 1-2-тармақшасында аталған тұлғалар қызметкердің жазбаша өтініші негізінде немесе Колледж өздігінен құруы мүмкін тиісті комиссияның шешімі бойынша шығарады.

12. Колледж қызметкерлеріне сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеуге мемлекеттік бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен анықталған тәртіпте Колледждің бюджеттік бағдарламасын (кіші бағдарламасын) қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу жолымен жүргізіледі.

13. Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақы белгілеу шығыстардың мынадай түрлері бойынша үнемдеу есебінен жүзеге асырылады:

1) жыл ішінде, мемлекеттік бюджеттің үнемделген қаражатының жалпы көлемінің 30% - нан артық емес, ал желтоқсанда - жыл ішінде үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

- ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар;
- елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар;
- коммуналдық қызметтерді төлеу;
- байланыс қызметіне ақы төлеу;
- көлік қызметтеріне ақы төлеу;
- электр энергиясы үшін төлем;
- жылыту үшін төлем;
- ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу;

- басқа қызметтер;
- ерекше шығындар;
- басқа да ағымдағы шығыстар;
- Колледждің меншікті қаражаты;

2) мемлекеттік бюджеттің үнемделген қаражаты толық көлемде:

- негізгі жалақы;
- өтемақы төлемдері;
- әлеуметтік салық;
- автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған жарналар;
 - мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін мемлекеттік міндетті жеке сақтандыруға арналған жарналар;
 - өзге де тауарларды сатып алу;
 - қосымша ақшалай төлемдер;
 - Колледждің меншікті қаражаты;

13-1. Үстемеақыны белгілеу сондай-ақ Колледж қызметін қамтамасыз етуге көзделген және штат санын қысқарту нәтижесінде босаған қаражат есебінен толық көлемде Колледж қызметкерлерінің штат санын қысқарту туралы шешім қабылданған жағдайда жүзеге асырылады.

14. Шығыстардың қалған түрлері бойынша сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және үстемеақы белгілеуге мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеуді жіберуге жол берілмейді.


Осы Ереженің бекітілген күні: «06» шбаря 2020 жыл.

Колледж директоры

Бастауыш кәсіподақ ұйымының
төрағасы



Нугымаров А.С.
«06» шбаря 2020 ж.



Кусемисова А.Т.
«06» шбаря 2020 ж.